



Аяулы анашым



Мақсатым:

Оқушыларға ана пейілі мен махабатын сезіндіру, ананы ардақтай білуге тәрбиелеу.

Оқушылардың бойына ананы сыйлауға, құрметтеуге, өнеге тұту сияқты қасиеттерді қалыптастыра отырып, үлкенге ізетті болуға тәрбиелеу.



Жоспар

II. “Бүлдіршіндеріміздің әжелеріңе, аналарыңа арнаған жылы сөздер”.

III. Хор “Құттықтаймын ана туған күніңмен”.

IV. “Жылы сөздер” ойыны.

V. “Бала жүрегі”.

VI. Ата – ана тілегі.

VII. Көрініс

VIII Ару көктем

V.Би

X. Қорытынды.






**Мектеп үшін ата-аналар бөлексіздер,
Мектеп үшін қашанда керексіздер.
Ата-аналар ардақты абзал жандар,
Ұстаздармен қашанда біргесіздер.**

**Ана десем алғыс алам халқымнан,
Ана десем теңіз болам шалқыған.
Ана десем ашылады қабағым,
Ана десем әділдікті ұғамын.**

**Біз ғана емес
Қадір тұтқан бабалар,
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар.**



Құрметті Ұстаздар, ата-аналар, қыздар сіздерді алда келе жатқан 8-наурыз халықаралық аналар мерекесімен құттықтаймыз. Халықаралық әйелдер - қыздар мерекесі құтты болсын!

Отбасыларыңызға құт-береке, бірлік, дендеріңізге саулық тілей отырып, 2- сынып оқушыларының дайындаған



«Аяулы анашым»

атты тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер.



Ару көктем

Мен көңілді көктеммін
Былтыр келіп кеткенмін
Көзін ашып бұлақтың
Түбіне тал еккенмін
Гүл боп қырда егілем
Дән боп жерге себілем
Жаңбыр басып жауғанда
Нұр боп көктен төгілем
Шуағын төгіп әлемге
Жылуын күннің әкелем
Табиғаттың төсіне
Тіршілік мен сипаймын



Хор "Құттықтаймын ана,

туған күніңмен!" .

Нұрын төккен маған
Шуғымсың –сен!
Айналайын анам,
Қуанышыңмен!

Шаттандырған мені,
Жұбанышым- сен!
Құттықтаймын сені,
Туған күніңмен!

Аялаған мені,
Ән қанатымен!
Құттықтаймын сені,
Салтанатыңмен!

Бақытты ғой заман
Қандай көңілді.
Мен тілеймін саған .
Ұзақ өмірді!



Дүниеде не қымбат

Көрініс: Әжесі мен немересі

Немересі:

Әже

Немересі

Әжесі





Балалар анамызды құрметтейік,
Көңілін ешқашанда кірлетпейік.

Сабақты жақсы оқып, тәртіпті болып,
Орынсыз ренжітіп, үндетпейік.



Жүректен-жүрекке

Асыл аналарымызға арнаған
бүлдіршіндеріміздің жылы
сөздеріне кезек берейік.



«Жылы сөздер» ойыны

*Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы.
Ананың күн нұры тастай мұзды да
жібітеді.*

Шарты: Аналар өзбалаларына берілген
әріптерден басталатын жылы сөздер
айтады. Балалардың қолдарында
әріптер бар



« Бала жүрегі »

- Ойын: Аналарға, қыздарға мереке күніне үстел жайамыз
- Шарты: төрт бала шығады
- 1. бала алжапқышты киіп сыпырғышпен үйді сыпырады.
- 2. Дастархан жаяды
- 3. Гүл қояды
- 4. Қыздарға арналған салықтарын қояды.
- 5. Аналарға жылы лебіздерін білдіреді.
- 6. Сөздерін айтып таратады



- *Сіздердің отбасыларыңызға тек жақсылық тілеймін. Қыздарыңыз қызғалдақтай құлпырып, ұлдарыңыз ізгі армандарыңызды орындай берсін!*

Жанұяның тірегі әке болсын,

Шаңырақтың шуағы ана болсын.

Бар тілекті арнайтын балаңызға,

Көңіліңіз ғажайып нұрға толсын.



Қорытынды

*Бала үшін отқа ,суға түсетін,
Бала келсеол бізге күлетін
Сөз кезегін аналарға, берейік.
Баласының амандығын
тілейтін*

Ата-ананың тілегі

Сәулелі сөз сөне ме ?!

Орны бөлек батаның.

Бізге тәлім, өнеге-

*Ақ тілеуі атаның, – деп ата-аналарымызға сөз кезегін
берейік.*

Уақыт бөліп, келгендеріңізге көп-көп рахмет!

